

**Мемлекеттік уәкілетті органдар және лауазымды адамдардың мемлекеттік кірістер органына мемлекеттік баж төлеушілер және олар есептеген мемлекеттік баж сомалары туралы ақпаратты ұсыну нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 70 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 22 ақпанда № 16412 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 607-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік уәкілетті органдар және лауазымды адамдардың мемлекеттік кірістер органына мемлекеттік баж төлеушілер және олар есептеген мемлекеттік баж сомалары туралы ақпаратты ұсыну нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті ( А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар



№	Өтініш жасаған тұлғалардың атауы (Т.А.Ә.) (бар болған жағдайда)	БСН (ЖСН)	Заңды мекен-жайы (тұрғылықты орнының мекен-жайы)	Әрекет жасаған датасы (күні, айы, жылы)	Заңдық мәні б а р іс-әрекетінің атауы	Жасаған әрекеттердің саны	Мемлекеттік баждың проценттік немесе АЕК-тегі ставкалары	Мемлекеттік баждың сомасы, теңге	Төлем құжатының берілген күні және нөмірі	Бюджетке енгізілген мемлекеттік баж сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	ЖИЫНЫ:									

6 және 8-бағандардағы көрсеткіштер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Салық кодексі) 610-615-баптарына сәйкес көрсетіледі.

12-бағанда Салық кодексінің, оларға сәйкес жеңілдік берілген 616-622-баптарының тармағы (-қтары) және (немесе) тармақшасы (-лары) көрсетіледі.

	Мәліметтерді қабылдаған мемлекеттік кірістер органның қызметкері
(Уәкілетті мемлекеттік органның басшысының немесе лауазымды адамның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) лауазымы)
(Мәліметтерді жасауға жауапты адамның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) МО Мәліметтер жасалған күні 20__ ж. " __ " )	( қ о л ы ) Мәліметтер қабылданған күні 20__ ж. " __ "

Ескертпе: Аббревиатураны ашып жазу:

Т.А.Ә.- тегі, аты, әкесінің аты;

БСН- бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН- жеке сәйкестендіру нөмірі;

АЕК- республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш.